

Орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығының жұмысы

Біліктілікті арттыру орталығы 2007 жылы ашылды және жергілікті және республикалық бюджеттен мемлекеттік тапсырыстар арқылы "Мейіргер ісі", "Емдеу ісі", "Акушерлік іс", "Зертханалық диагностика", "Фармация" мамандықтары бойынша, сондай-ақ емдеу-алдын алу мекемелерімен шарттық негізде және ақылы оқытуды жүргізеді.

Орталықтың жұмысы Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен келісілген жылдық жоспар негізінде және ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы №218, ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №303, ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305 бұйрықтарына сәйкес жүргізіледі. Циклдардың тақырыптары емдеу алдын-алу мекемелерінің сұраныстары бойынша өткізіледі. Әр жылдың соңында емдеу алдын-алу мекемелерінен сұраныс жинақталып, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен келісе отырып жоспар құрастырылады. Бөлімдегі оқу процесіне колледж оқытушылары және штаттан тыс оқытушылар тартылған.

Орталықтың мақсаты: үздіксіз кәсіби даму және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған білім беру қызметі.

Орталықтың міндеті: біліктілікті арттыру арқылы бар кәсіби құзыреттіліктерді жетілдіру және жаңа кәсіби құзыреттіліктерді алу болып табылады.

Орталықтың қызметі: біліктілікті арттыру орталығы медицина қызметкерлеріне қосымша білім берудің түрлері бойынша (күндізгі, қашықтықтан оқыту) жүзеге асырады: біліктілікті арттыру - 2 кредит (60 сағат) және 4 кредит (120 сағат). Емдеу алдын-алу мекемелерінің өтінімдері бойынша шебер-кластар, семинарлар, тренингтер жүргізіледі.

Орталық интерактивті тақталары бар оқу аудиторияларымен, тыңдаушылардың базалық және қорытынды білімдерін бақылауға арналған интернетке қосылған компьютерлік сыныппен, жабдықталған мәжіліс залымен, кітапханамен, жаңа жатақханамен қамтамасыз етілген, симуляциялық орталық заманауи муляждар мен манекендермен жабдықталған. Тыңдаушылар қажеттілігіне қарай жатақханамен қамтамасыз етіледі. Тыңдаушылар колледж кітапхана қорындағы оқулықтар және оқу құралдарын пайдаланады.

Біліктілік арттыру орталығы: «Емдеу ісі», «Акушерлік іс», «Мейіргер ісі», «Фармация», «Стоматология», «Лабораториялық диагностика», «Гигиена және эпидемиология» мамандықтары бойынша 07.07.2020ж. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінде, ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ 303/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін

тану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында, ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ 305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығында, ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 ақпандағы №12 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығында, ҚР БжҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру» бұйрығында және ҚР ДСМ 2021 жылғы Орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар тұлғаларға қосымша білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының бөлімшелерінде (орталықтарында) оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда бекітілген үлгілік оқу бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Оқу жылында өткізілетін білім жетілдіру курстарының жұмыс оқу бағдарламалары және оқу-әдістемелік материалдары екі тілде (қазақша, орысша) қосымша білім берудің мемлекеттік стандарттарына және үлгілік бағдарламаларына сәйкес 100% дайындалған.

Профессор-оқытушылар құрамы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ 303/2020 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді. Практикалық сабақтар клиникалық ауруханалар мен емдеу мекемелерінің базасында клиникалық базалар мен орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығының арасындағы шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде білім алушылардың үлгерімін бақылауды және аралық аттестаттауды жүргізу нысандары: телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, "on-line" режимінде тікелей қарым-қатынас жасау; автоматтандырылған тестілеу кешендері; жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жүзеге асырылады. Біліктілікті арттыру орталығы қашықтықтан оқытуды Zoom, Оп-line, Ватсап ақпараттық платформасы арқылы жүргізеді.